

**Камшат Байгазықызы ДОНЕНБАЕВА** 1943 жылғы 15 қыркүйекте Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы Демьяновка кентінде дүниеге келді. Жеті жылдық мектепті бітіріп, Меңдіқара кәсіптік-техникалық училищесінің тракторшы-машинист мамандығы бойынша оқыды. Кейін совхоз техникумды сырттай бітірді.

Еңбек жолын 1961 жылы «Каменск-Уральский» совхозында тұқым себушіліктен бастаған ол кейін механизатор болды. 1967 жылдан 1997 жылға дейін Меңдіқара ауданы «Харьковский» совхозында механизатор болып жұмыс істеді. Тракторда жұмыс істей жүріп, жыл сайын аусымдық нормасын 150-200 пайызға дейін артығымен орындап, жақсы сапамен жоғары өнім алып отырды.

Камшат Байгазықызы екі рет Ленин орденімен марапатталды. Ол бірінші орденін 1972 жылы 29 жасында алды. Еңбектегі үздік табыстары және тоғызыншы бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындағаны үшін Камшат Байгазықызына КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының 1975 жылғы 10 ақпандағы Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 1976 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 1978 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Камшат Байгазықызы Халық депутаттары Қостанай облыстық Кеңесінің депутаты, Қазақстан Компартиясы Боровской аудандық комитетінің мүшесі болды. Үш рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. КОКП Орталық Тексеру комиссиясының мүшесі, КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттық Кеңесі Төрағасының орынбасары болды.

Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды.

Камшат Байгазықызы 2000 жылдан бастап шаруа қожалығын басқара отырып, үнемі өсімдік шаруашылығында жоғары көрсеткіштерге жетіп келеді, жүйелі түрде өңірдің әлеуметтік мәселелерін шешуге көмек көрсетіп отырады.

Қазіргі уақытта құрметті зейнеткерлік демалыста, жастардың тәлімгер-ұстазы болып табылады. Облыстың қоғамдық өміріне, түрлі республикалық форумдарға белсенді түрде қатысып отырады. Президент сайлауы кезінде Н.Ә.Назарбаевтың сенімді өкілі болды. Камшат Байгазықызы «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық Кеңесінің мүшесі болып табылады, әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссияның құрамында.

2002 жылы Меккеге қажылық сапарға барды. Оған «Қостанай қаласының Құрметті азаматы» атағы 2003 жылы берілді.

Төрт баланы тәрбиелеп-өсірген алғашқы әйел-механизатор, әйел-ана бола тұра ол қашанда, барлық жерде еңбекке, отбасына, елге және Президентке деген құрметін насихаттап, айтып отырады.

**К.Б.Дөненбаеваға «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының 2013 жылғы 15 тамыздағы № 189 шешімімен берілді.**

**ДОНЕНБАЕВА Камшат Байгазиновна** родилась 15 сентября 1943 года в п. Демьяновка Узункольского района. Окончила семилетку, училась в Мендыкаринском профессионально-техническом училище по специальности тракторист-машинист. Затем закончила заочно совхоз-техникум.

Трудовую деятельность начала в 1961 году в совхозе «Каменск-Уральский» сеяльщицей, затем механизатором. С 1967 по 1997 годы работала механизатором совхоза «Харьковский» Мендыкаринского района. Работая на тракторе, добивалась высокой выработки с отличным качеством, ежегодно перевыполняя сменные нормы на 150-200 процентов.

Камшат Байгазиновна дважды награждена орденом Ленина. Первый орден она получила в 1972 году в возрасте 29 лет. За выдающиеся успехи в труде и досрочное выполнение заданий девятой пятилетки Указом Президиума Верховного Совета СССР от 10 февраля 1975 года Доненбаевой Камшат Байгазиновне присвоено звание Героя Социалистического труда. В 1976 году стала лауреатом Государственной премии СССР. Орденом «Знак Почета» награждена в 1978 году.

Камшат Байгазиновна избиралась депутатом Кустанайского областного Совета народных депутатов, членом Боровского районного комитета Компартии Казахстана. Трижды избиралась депутатом Верховного Совета СССР. Была членом Центральной Ревизионной комиссии КПСС, заместителем Председателя Совета национальностей Верховного Совета СССР.

За годы независимого Казахстана награждена юбилейными медалями «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл».

Возглавляя крестьянское хозяйство с 2000 года, Камшат Байгазиновна постоянно добивается высоких показателей в растениеводстве, систематически оказывает помощь в решении социальных вопросов региона.

В настоящее время находится на заслуженном отдыхе, является наставником молодежи. Активно участвует в общественной жизни области, различных республиканских форумах. В период выборов Президента была доверенным лицом Назарбаева Н.А. Камшат Байгазиновна является членом Центрального Совета Республиканского общественного объединения «Организация ветеранов», входит в состав областной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике.

В 2002 году совершила хадж в Мекку. Звание «Почетный гражданин города Костаная» присвоено ей в 2003 году.

Являясь первой женщиной-механизатором, женщиной-матерью, воспитавшей четверых детей, она всюду и везде пропагандирует уважение к труду, семье, стране и Президенту.

**Звание «Почетный гражданин Костанайской области» присвоено Доненбаевой К.Б. решением № 189 сессии Костанайского областного маслихата 15 августа 2013 года.**

